



Комитет _____ Әлеуметтік-мәдени даму _____ комитеті

Астана, Парламент Мәжілісі
№ 7-Н-440

Астана, Мәжілис Парламента
2017 жылғы «11» 10
« » _____ 201 года

**Манаш Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің ректоры
С. М. Өмірбаевқа**

Құрметті Серік Мәуленұлы!

Сізді және ұстаздар мен студенттер ұжымын Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің құрылғанына 80 жыл толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы жылдар ішінде университет 40 мыңнан астам білікті маман кадр даярлап, еліміздің солтүстік өңіріндегі іргелі жоғары оқу орындарының біріне айналды.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында адами капитал сапасын жақсартуды аса маңызды басымдық ретінде айқындай келіп: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру», - деп атап көрсеткені белгілі.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы Мемлекет басшысы алға қойған мерейлі міндетті табысты орындауға бір кісідей жұмылып, еліміздің жоғары білім беру саласын одан әрі дамытуда жаңа жетістіктерге ие болады деп сенемін. Бұя орайда Сіздердің қазіргі таңда өз алдарыңызға қойып отырған, Қазақстанның үздік көп салалы жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінің үздік ондығына кіру жөніндегі айқын да айбынды мақсаттарыңызға таяу келешекте абыроймен жетулеріңізге тілектестігімді білдіремін.

Ұлы Мағжан елінің қасиетті қарашаңырағы – Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы Елбасы

ұсынған рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыруға аянбай атсалысып, ел болашағы – білімді де ұлтжанды азаматтар даярлауға елеулі үлес қоса бергей!

Сіздердің сүйікті Отанымыз – Қазақстанның игілігі жолындағы қажырлы еңбектеріңізге зор табыс тілеміз!

Ізгі ниетпен,

Т. Шоқан

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің депутаты